

## Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстарды өткізу туралы

### Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 тамыздағы № 530-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 қыркүйекте № 4724 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 124-VIII шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 25.04.2024 № 124-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы заңының 8-бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормасы, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуға жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары айқындалсын.

2. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 505-V "Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3470 санымен тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 наурызда жарияланған) және 2019 жылғы 4 шілдедегі №423-VI "Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 505-V "Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4460 тіркелген, 2019 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы М. Қуаншалиев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың LIX сессия  
терағасының міндетін атқарушы,  
аудандық мәслихат хатшысы

Б. Жугинисов

Құрманғазы аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 25 тамызы № 530-VI  
шешіміне қосымша

**Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары**

1. Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және олардың шекті толу нормалары:

№ п/с	Арнайы орындар	Арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету	Шекті толу нормасы
1	Тәуелсіз жастар аланы	1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктө; 3) 40 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу);	300 адамнан астам емес
2	Жастар аланы	1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктө; 3) 20 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу);	500 адамнан астам емес

2. Құрманғазы ауданы әкімдігінің өкілі хабарламаны (пикеттеу, жиналыс және митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) немесе өтінішті (демонстрация және шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) оң қараған кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен бірлесіп, іс-шараны өткізу тәртібін келісу үшін бір күн ішінде арнайы өткізу орнына келесідей сұрақтармен барады:

- 1) бейбіт жиналыстарды өткізу орнының материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуімен танысу;
- 2) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

3. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

4. Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 150 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК